

туралы қорытынды шығарды. К.Тоқтабайдың есімі Тәуелсіз Қазақстанға қайта оралғанымен, атқарылған іс азамат үмітін ақтамайды.

Қорыта айтқанда мемлекет және қоғам қайраткері ретінде Кәрім Тоқтабай жас Қазақ республикасының қалыптасуы мен нығауына, оның ұлттық кадрларының қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты, Қазақстанда білім беру, мәдениет пен ауыл шаруашылығын дамыту жөніндегі белсенді іс-шараларды атқарды. Ауыл шаруашылығы ғылымының дамуына өз үлесін қоса білген ғалым еді.

Кәрім Тоқтабай толық ақталғанымен, есімі әлі ескерусіз келеді. Әлі күнге дейін өмірі мен қызметі шығармашылық мұрасы толық зерттелген жоқ, іргелі еңбек түгілі шағын ғылыми мақала жоқ. К.Тоқтабайдың жер жайлы жазған кітаптары, баспасөз бетіне жарияланған мақалаларын іздеп тауып оқырманмен таныстыру керек. Оның есімін мектеп оқулықтарына, қала көшелеріне беру керек. Кәрім Тоқтабайдың ел үшін жасаған еңбектері сараланып, бұл күні болмаса бір күні өз бағасын алар деп сенеміз. Сеніміміз мол. Ел үшін еміренген ерлердің адал еңбектері халқымен түбі қауышады. Сондай ерлердің бірі К.Тоқтабайдың есімін қазақ ұмытпауы қажет!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Сейдәзім Қадырбай (1885-1938). Ақы заңы. Шығармалар жинағы. // Құраст.: Е. Тоқтарбай. - Астана: «Qyғ balasy» ҚҚ, 2023. - 406+36 бет.
2. «Қиын тағдырлы комиссар» // «Торғай тынысы», 2 бет, №109 саны / Ескендір Рамазан, «Дала дидары» газетінен // - 1991.- 6 желтоқсан.
3. «Қазақтар. Көпшілікке арналған тоғыз томдық анықтамалық құрал. Тарихи тұлғалар». -2 том. Баспа редакциялық орталығы, Алматы: 1938. - 493 б.
4. Дулатұлы Міржақып (1885-1935). Қазақтың тарихы. Таңдамалы шығармалар жинағы/ Құраст.: Д. Ихсан, Е. Тоқтарбай. - Алматы: АТА Creative Hub баспасы, 2025. - 248 бет.
5. Байтасұлы А. Көркем әдебиет туралы. Төл еңбегі мен көсемсөздер жинағы./ Құраст. Ұ. Сәйдірахманұлы/. - Нұр-Сұлтан: Qyғ balasy ҚҚ, 2021. - 240 бет.
6. «Ғазымбек Бірімжан. Шығармалар жинағы». Нұр-Сұлтан: «Qyғ balasy» баспасы, 2021. - 250 б.
7. 1920-1930 жылдардағы Қостанай облысындағы қуғын-сүргін: жаңа фактілер мен деректер. Репрессия в Костанайской области в 1920-1930-е годы новые факты и источники: Коллективная монография / отв.ред. Р. Байдалы. - Костанай: ИП Re-set, 2023. - 226 с.
8. «Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашовцами» А. 2016.- Т2.- С.27-31
9. Дулатова Г.М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. - Алматы: Мектеп, 2012. - 392 б.
10. Тоқтабаев Кәрім / Әнес Ғ., Смағұлова С. Алаш. Алашорда. Энциклопедия. - Алматы: Арыс, 2009. - 305-306 б.
11. «Алаш ісі 1920-1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» / «Алашское дело 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ». В двух томах - Алматы: ТОО «Издательства ЛЕМ», 2022. - 984 с.
12. Ф.Ахметов «Три судьбы». Алматы: 2018. - 96 б.
13. Карина Е.Т. «Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века) -1 том. Астана: 2022. - 622 б.

МЕДИЦИНА САЛАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҒАЛЫМЫ - ӘЛЖАН БАЙҒҰРИН

Усенов С.А.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Нурпеисова Э. Т.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті

ussenovsanjar@gmail.com

Қостанай қ.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақтың ғылыми және мәдени кеңістігінде ұлттық сананы жаңғыртуға бағытталған қозғалыс басталды. Қоғамдық ойдың жандануында сол кездегі қазақ интеллигенциясының рөлі ерекше болды. XX ғасырдың басында пайда болған Алаш қозғалысы өзімен қатар заңгерлер, дәрігерлер, инженерлер, ақын-жазушылар, мұғалімдер сияқты жоғары сауатты мамандарды біріктірді. Солардың бірі - Әлжан Махмұтұлы Байғұрин, ғалым, педагог, дәрігер және

Алаш қозғалысының беделді өкілі. Осыған байланысты оның өмірбаяны мен қоғамдық қызметін зерттеу өзекті болып табылады.

1896 жылы 10 шілдеде Торғай облысында Дамбар болысының (қазіргі Бейімбет Майлин ауданы) № 5 ауылында Әлжан Байғұрин дүниеге келеді. Негізі кейбір деректер басқа өңірлерді кейде көрсетеді. Әлжан Байғұрин ауыл мектебінде сауатын ашып, кейін Қостанай уезіндегі орыс-қазақ училищесінде білім алуды жалғастырады. 1910-1916 жылдары Қостанайдың реалдық училищесінде оқыған болатын. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде қара жұмысқа шақырылған қазақтардың қатарында болды. Ол Минск қаласының маңындағы Земство одағының шетелдіктер бөлімінде қызмет етті. Бірақ біршама уақыттан соң уақытша үкімет шетелдік-жұмыскерлердің өздерінің Отандарына қайта оралуы жайлы қаулы жариялаған болатын [1].

Эвакуациядан кейін 1917 жылы маусым айында Әлжан Байғұрин Мырзағазы Есполов, Макатов, Беремжанов, Бекбаев, Баранкулов және Сандыбаевпен бірге Орынборға келді. Жолда олар Киев қаласында болғанда І Жалпықазақ съезді жайлы естіген болатын. Бірақ Мырзағазы Есполов шамамен съезге қатысуға үлгермей қалды, себебі сол кезде съезд өз жұмысын аяқтап, көптеген оның қатысушылары әртүрлі елді мекендерге тарап кетті [2, с. 474-475].

1917 жылғы 21-28 маусымда Орынбор қаласында І Бүкілқазақ съезі өтті. Оған Ақмола, Семипалатинск, Торғай, Орал, Жетісу, Ферғана және Бөкей Ордасынан делегаттары қатысты. Бұл съезде 14 бөлімнен тұратын бағдарлама қабылданды. Оның он бірінші бөлімінде Бүкілресейлік мұсылмандар съезі (Шура-и Ислам) жайлы сөз қозғалған болатын. Онда осы ұйымға қазақтардың да өкілдері болуы қажет деген шешім қабылданды. Оның өкілдерінің саны барлық халықтың санына байланысты. Бұл съезде Шура-и Ислам ұйымына мүшелікке кандидат ретінде Торғай облысынан Әлжан Махмұтұлы Байғұрин ұсынылды [3, с. 52].

1917 жылы 20-25 тамыз аралығында Ақтөбе қаласында ІІ Торғай облыстық қырғыз (қазақ) съезді өтті. Бұл съезде Торғай облысының Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз және уездерінің делегаттары болды. Съездтің бағдарламасы 15 бөлімнен тұрып, оның он төртіншісі Бүкілресейлік мұсылмандар жиналысының мәселесін көтерді. Онда Бүкілресейлік мұсылмандар съезінде қазақтардың қатысуы міндетті делініп, Торғай облысынан Әлжан Байғұрин сайланды, ал оған кандидат ретінде Ахмед Тунганчин белгіленді. Оларды қаржыландыру үшін съезд әр болыстан 100 рубль жинап, уездік управаларға тапсырылуы қажет деп айтылды [3, с. 60].

1918 жылғы 14-17 қазан аралығында Қостанай қаласында төтенше қазақ съезді өткізілді. Екінші күні он бесінші қазанда жиналыс таңғы 9:00-де ашылды. Съезде келесі бағдарламалардың резолюциясы қарастырылды:

1. Қостанай уезі Алаш автономиясына қосылады және тек Алаш үкіметі мен Бүкілресейлік өкіметтің билігін ғана мойындайды.

2. Уездік жер уақытша орыс халқымен ортақ болуы қажет, егер соңғылары Алаш автономиясына қосылса. Егер олар бұған қарсы шықса, онда қазақ болыстары дербес земство бірлігі ретінде бөлінуі тиіс. Алаш Орданың жергілікті бөліміне Алаш Орда үкіметінің комиссарымен бірлесе отырып, уездік қазақ земствосын құру мерзімі мен тәртібін белгілеу құқығы беріледі.

3. Бөлімнің бұйрықтары орындалуын жүзеге асыру үшін бес салт атты милиционерлерден тұратын милиция ұйымдастырылуы қажет. Милиционерлер Қостанай қаласында орналасып, айына 650 рубль мөлшерінде жалақы алуы қажет.

Пікірталастың нәтижесінде осы резолюциялар съездпен қабылданды: алғашқы екі пункт - бірауыздан және үшінші бөлімі - көпшіліктің дауысымен. Енді осыдан кейін Әлжан Махмұтұлы Байғұриннің жергілікті қазақ полкі жайлы баяндамасы тыңдалды. Оның баяндамасынан съезд келесі шешімдерге келді - Жағалбайлы милиционерлерімен қазақ полкі толтырылуы қажет, себебі онда бұл холера эпидемиясының кесірінен жүргізілмеді; қазақ полкі Сібір өкіметінің билігінен Алаш Орданың қол астына өтуі қажет; жергілікті бөлімдер қазақ полкінің әскерлері қызметін атқарып жатқанда құқықбұзушылық пен дөрекілік жасамауын қадағалауы қажет; оған қоса бөлімше қазақ полкінің милиционерлерінің өмірін және жағдайын жақсартуы қажет, әсіресе ауруға ұшығандардың.

Баяндамашының сөзінен келесі ақпарат белгілі болды - көптеген милиционерлер еркін түрде жалданып тұрыпты, ал оларды жалдап алған ұйымдар оларға келісілген ақша соммасын және жылқылармен қамтамасыз етпейді екен, сондықтан съезд тағы шешімдер шығарды. Біріншіден, Милиционерлер оларды жалдаған ұйымдардан шұғыл түрде өтелмеген жалақысын алуы қажет. Екіншіден, жылқысыз милиционерлерге дереу жылқылармен жабдықтау қажет, бұл жылқыларды уақытылы ұйымдастырмаған ұйымдардың қаражатына жасалынады. 1918 жылы 17 қазанда сағат 8:30-да соңғы жиналыс ашылды. Бірден Әлжан Байғұриннің уездік сот пен милиция бөлімдеріне

жұмсалатын қаражаттың сметасы тыңдалды. Пікір алмасу нәтижесінде, смета өзгертулерсіз қабылданып, бекітілген болатын.

Ашық дауыс беру нәтижесінде уездік қазақ сотына сайланғандар: Отарбай Қондыбаев, Әлжан Оразов, Салық Қарпыков, ал Қондыбаевтың орынбасары ретінде - Әлжан Байғұрин [3, с. 78-81].

Ғаббас Хусаинович Нурумов тергеу жұмыстары кезінде Әлжан Байғұрин жайлы бірнеше ақпарат қалдырып кетті. Оның айтуынша, 1918 жылы көктемде Қостанай қаласында кеңес үкіметін ақтар құлатқанда, Дошанов Омар қалада болды, бірақ ол өзі бұл кезде Қостанайда болмады, ал сол кезде қалада Алаш зиялыларынан тек Елдес Омаров пен Әлжан Байғұрин болды. Олар сол кезде уездік земство управасының жоғары лауазымды тұлғалары болды. 1919 жылы шілде айында қызылдар Челябинск, Троицк қалаларын алып, енді Қостанайда «қызыл террор» болады деген өсекті қашып жатқан ақтар таратай бастайды, сол себепті Торғайда Ырғыз бен Ақтөбе уездерінің Алаш зиялылары жиналды. Торғайға Елдес Омаров пен Әлжан Байғұрин бірге келіпті. Кейін олар барлығы Мыржақып Дулатовтың ауылына (одан 100-120 км) жиналды. 20 күн өткен соң, алаштықтар Атбасар уезімен шекаралас жердегі Қадырбаевтың ауылына көшті. Бұл жерден көптеген зиялылар Семейге кетіп, ал Ғаббас Хусаинович Нурумов пен Әлжан Байғұрин Торғайға оралды. Келгенде, қала қызылдардың билігінде болды. Осындай естелік оқиғалар Әлжан Байғұранның басқа Алаш зиялыларымен жақын болғанын көрсетеді. Қиын қыстау кезінде ол Торғайды тастап кетпей, сол жерде қалған екен. Кейін алашордалықтардың одан әрі болған шегінулеріне белсенді қатыспай, ауылына қайта оралыпты [4, 189-190 б.].

Бірнеше қатар өткен съездерден кейін Әлжан Байғұрин жұмысқа тұрды. 1919-1920 жылдары ол Қостанайдағы училищеде мұғалім болып қызмет атқарды. Бірақ бұл қызметке қатар ол басқа да істермен айналысты. 1919 жылы 27 тамызда Бүкілодақтық атқару комитетінің қаулысымен Челябинск губерниясы құрылады. Оған Челябинск, Троицк, Қостанай және Қорған уездері кірген болатын. 1920 жылдың қаңтар-қазан айларында Челябинск революциялық комитетімен Қазақстандағы Қазақ өлкелік революциялық комитетінің арасында көптеген мәжілістер өтеді. Бұл жиналыстарда Қостанай уезінің тағдыры шешіліп жатты - не ол Челябинск губерниясының құрамында болады, не қазақ өлкесіне қайта оралады. Осы кезде қазақ өлкелік революциялық комитетінің аса беделді өкілі ретінде Ахмет Байтұрсынұлы және Қазревкомның мүшесі ретінде Мұхамеджан Сералин келіссөздерге қатысты. Бірақ Қостанай уезінің өкілдері де бұл мәжілістерде өз үлесін қосқан еді. Олардың қатарында Әлжан Байғұрин, Құрманғали Ұлдыбайұлы Ұлдыбаев және Ысқақ Бекентаев болды. Ақыры жоғарыда айтылған барлық қайраткерлерінің арқасында 1920 жылдың қазан айында соңғы мәжілістер нәтижесінде Қостанай уезін Челябинск губерниясынан бөліп, қазақ өлкесінде сақтап қалу шешілді [1].

Әрі қарай білімін жалғастыру үшін Әлжан Байғұрин Мәскеуге аттанады. 1920-1922 жылдары ол Мәскеу университетінің медицина және қоғамтану факультеттерінде қатар оқыды. Бірақ кейін 1922 жылы Ташкентке ауысады. Сол жерде ол Ортаазиялық мемлекеттік университетте білім алған еді. Оны 1925 жылы бітіріп, Әлжан Байғұрин Қостанайға оралады. Бұл жерде ол өте жоғары лауазымды орындарда қызмет атқарады [1].

1925-1926 жылдары ол Қостанай уезіндегі округтік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарды. Ең басында ол меңгерушінің орынбасары болды, бірақ архивтік құжаттардан бірнеше қызықты мәлімет табылды. Мысалы, округтік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі Мишин 10 тамыз күні 1926 жылы келесі бұйрықты шығарды. Ол бойынша, Мишин тамыз айында Урицкий және Боровоеға командировкамен аттанып, өзінің орнына Әлжан Махмұтұлы Байғұринді қалдырды. Солай біз оның тек орынбасар ретінде емес, оған қоса меңгеруші қызметін атқарғанын біле аламыз. Бірақ он күннен кейін ол өзі уезд бойынша іссапармен кетіп, өзінің орнына дәрігер Тешляковты қалдырады. Әрі қарай келесі бұйрықтар тізімінен 2 қыркүйек күні іссапардан оралғанын көруге болады [5].

Архивтік құжаттарда біз тағы бірнеше қызықты ақпаратты таптық. 1927 жылы 26 мамырда шыққан бұйрық бойынша, Әлжан Байғұрин уақытша кешкі ауысымда да жұмыс істеп, айлығы 50 рубль құрады. Бұған қоса оның көптеген қолы қойылған құжаттар табылды. Осылай біз оның меңгеруші қызметін белсенді атқарғанын байқай аламыз [6].

1922-1937 жылдары Әлжан Байғұрин «Ақ жол» газетінің редакциялық бөлімін басқарды, сондай-ақ Қазақ АКСР-інің Денсаулық сақтау халық комиссариатында (Наркомздрав) жұмыс істеді [6, с. 334]. 1929 жылы Әлжан Байғұрин мансаптық жолында одан да жоғары көтеріліп, Қазақ Атқару комитетінің Денсаулық сақтау комиссариатында жұмыс істейді [1].

Әлжан Байғұрин бұнымен қатар публицистикалық қызмет атқарады. Ол қазақ және орыс тілдерін жетік меңгеріп, екі тілде де еңбектер жазған. Алаш қайраткері сол кездегі ауыртпалық дерттер, олардан сақтану жолдарын және қалай таралу тәсілдері жөнінде халыққа насихат ретінде мерзімді баспаларға мақалаларды бастыртты. 1929 жылы «Казиздатта» оның «Вредные насекомые», 1930 жылы сол басылымда «Школьная гигиена», ал 1932 жылы Қызылорда қаласында «Как надо содержать чистоту» дәл сол басылымда еңбектерін жарыққа шығарады [7]. Әрине, Әлжан Байғұрин туған тілінде де мақалалар жазды. 1929 жылы оның «Көкжөтел» және «Чума ауруы неден болады?» атты екі шығармалары «Әйел теңдігі» газетінде басылып шығады [8, с. 334].

Жұмыспен қатар Әлжан Байғұрин өз білімін жалғастыруды ұмытпады. 1931-1935 жылдары ол Ленинград медицина аспирантурасында оқыған еді. 1935 жылы Әлжан Байғұрин қазақтан шыққан алғашқы медицина саласында кандидаттық диссертациясын қорғаған болып шықты. Бірақ, өкінішке орай, диссертация тақырыбы зерттеу жұмысы барысында белгілі болмады. Кейін сол жылы Әлжан Байғұрин Алматы медицина университетінде мұғалім болып қызметке тұрды. 1935 жылы Алматы медицина институтында туберкулез жеке курс болып бөлініп, шамамен тез арада оның бірінші приват-доцент ретінде Әлжан Байғұрин ұсынылды, кейін біршама уақыттан соң кафедра меңгерушісі болып атанды. Қашан кафедраның меңгергені белгісіз, бірақ бұл ұзаққа созылмады, 1937 жылға дейін [1].

1938 жылы 10 қарашада Алматы қаласында жұмыс істеп жүргенде, тергеліп, жала айыппен айыпталды, оларға жатады - қызылдар әскерінің отрядының қолбасшысы Тарана және военком Амангелді Имановты өлтіруіне қатысты және ұйымдастырушылардың бірі болды; 1927-1928 жылдары Сұлтанбековтың бұйрығымен Қостанай уезінде байлардың конфискациясына наразы болып, кеңес үкіметіне қарсы көтерілісті ұйымдастырды; Кулумбетов пен Салтынбековтың бұйрығымен медицина саласында зиянкестік жүргізді [9, 373 б.]. Тергеу кезінде оған қарсы көптеген айғақтар ізделді. Өкінішке орай, Алаш зиялылары бір біріне қарсы сөз айтып жүрді. Мысал ретінде, 1937 жылғы 25 сәуірде берген сөздері. Ол бойынша, 1918 жылы Қостанай уезінің депутаттар кеңесінің мүшесі Омар Дошанов өлтірілді. Нурумов Ғаббас өз сөзінде жартылай оның өліміне Омаров Елдес пен Әлжан Байғұрин қатысты деген ақпарат айтты [4, 183 б.]. 10 қарашада 14 адамнан тұратын тізімнің жетіншісі болып Әлжан Байғұрин тұрды. Ату жазасы дереу орындалуға бұйырылды. Тек 1956 жылы 10 қазанда КСРО Жоғарғы сотының Әскери алқасының қаулысымен Әлжан Байғұрин ақталды [9, 373 б.].

Өкінішке орай, Әлжан Байғұриннің жеке өмірі мен отбасысы жайлы әлі ақпарат табылмады.

Зерттеу нәтижесінде Әлжан Махмұтұлы Байғұриннің өмір жолы мен қоғамдық қызметі қазақ тарихындағы орны толық ашылмай келген тұлғалардың бірі екенін дәлелдейді. Жасалған талдау оның Алаш қозғалысындағы белсенді рөлін айқын көрсетті: ол 1917-1918 жылдары өткен съездерге қатысып, Қостанай уезінің Алаш автономиясына қосылуы мен әкімшілік құрылымын қалыптастыру ісіне тікелей атсалысқан. Сонымен қатар Қостанай уезін Челябин губерниясынан бөліп, қазақ өлкесінде қалдыру туралы шешімнің қабылдануына қатысқан делегация мүшелерінің бірі болғаны анықталды.

Зерттеу барысында Байғұриннің тек қоғам қайраткері ғана емес, медициналық және ағартушылық салада маңызды еңбек сіңірген тұлға екені де айқындалды. Мәскеу мен Ташкентте білім алып, кейін Қостанай өңіріндегі денсаулық сақтау мекемелерінде жауапты қызметтер атқарған, эпидемиялық жағдайды жақсарту, халықтың медициналық сауаттылығын арттыру бағытында үгіт-насихат жүргізген.

Сонымен қатар зерттеу оның сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болғанын да анықтады. 1938 жылы жалған айыптармен атылып, тек 1956 жылы ақталғаны - XX ғасырдағы қайраткерлер тағдырының қасіретті беттерінің бірі.

Жүргізілген зерттеу Әлжан Махмұтұлы Байғұриннің қазақ тарихындағы орны ерекше екенін айқын көрсетті. Ол Алаш қозғалысының белсенді мүшесі ретінде ұлттық автономияның қалыптасуына, Қостанай өңіріндегі саяси-әкімшілік құрылымның ұйымдастырылуына және аймақтың Қазақ өлкесінің құрамында қалуына ықпал еткен тұлғалардың қатарында болды. Байғұриннің денсаулық сақтау саласын дамытудағы еңбегі де айрықша: ол халықтың медициналық сауаттылығын арттыруға бағытталған көптеген еңбектер жазып, эпидемиялармен күрес жүргізді. Сонымен бірге ол қазақ медицина ғылымының негізін салушылардың бірі ретінде алғашқы кандидаттық диссертация қорғаған мамандардың қатарында болып, Алматы медицина институтында педагогикалық және ғылыми қызмет атқарды. Оның өмір жолы Алаш ардақтыларына тән тағдырдың қайталанбас көрінісі ретінде 1938 жылғы саяси қуғын-сүргінмен үзіліп, тек 1956 жылы ақталғанымен, артында қалған мұрасы қазақ халқының ұлттық, ғылыми және рухани дамуына қызмет ететін құнды тарих болып қала береді. Әлжан Байғұриннің тұлғасын зерттеу - Алаш қозғалысы мен XX ғасыр басындағы қазақ интеллигенциясының шынайы болмысын тануға мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Альжан Байгурын в рубрике «Көненің көзі» программы «Өмір ағымы» телеканала «Алау». Официальный сайт Костанайского областного историко-краеведческого музея. 2020. 9 декабря - [Электронный ресурс]. - URL: <https://kraeved-kst.kz/en/o-repressirovannykh/novosti/alzhan-baigurin-v-rubrike-k-nen-k-z-programmu-m-r-a-ymy-telekanala-alau.html> (дата обращения: 27.11.2025).
2. Алашское дело 1920-1930 гг. Документы и материалы следственного дела, сфабрикованного ОГПУ. В двух томах. Том первый: Торгайское дело. 1922-1926 гг. Следственное дело № 78754. 1927-1930 гг. / Сост. М. К. Койгелдиев (ответ. ред.), З. Б. Мырзатаева, Р. М. Мирзакулова, 2022.- 985 с.
3. Алаш-Орда: Сборник документов /Сост. Н. Мартыненко.- Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992.- 192 с.
4. «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар». 6-том. Алашорда үкіметі мүшелері мен оны осы ұстанымдағы тұлғаларды жою шаралары. 1933-1938 жж./ Құраст.: М. Койгелдиев, Х. Әбжанов, Г. Нұрымбетова, З. Мырзатаева, Ж. Өзбекова. Алматы: «Kitap», 2023.- 504 б.
5. ҚОМА (Қостанай облыстық мемлекеттік архиві) 603-қ, 1-т, 35-іс, 1-п.
6. ҚОМА 660-қ, 1-т, 26-іс, 52-п.
7. Байгурын Альжан Махмудович // CentrAsia. - [Электронный ресурс]. - URL: <https://centrasia.org/person.php?st=1232879081> (дата обращения: 27.11.2025)
8. Казахстан. Национальная энциклопедия/Гл. ред. Б. Аяган.- Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2004.- 560 с.
9. «Алашорда ісі. 1920-1940 жж. Құжаттар мен материалдар». 8-том. «Әулеттерге жасалған қиянат»/ Құраст.: Х. Әбжанов, Г. Нұрымбетова, З. Мырзатаева, Б. Балғазина. Алматы: «Kitap», 2023.- 528 б.

АКАДЕМИК Е.А. БУКЕТОВ УЧЕНЫЙ, ОРГАНИЗАТОР НАУКИ И ОБРАЗОВАНИЯ

Омеркулов И.С.

Научный руководитель: PhD, ассистент профессора Мейрамбеков А.К.
КарНИУ им. академика Е.А. Букетов
sfdgsg@bk.ru
г. Караганда

Евней Арстанович Букетов - выдающаяся личность в истории казахстанской науки и образования XX века. Академик АН Казахской ССР, доктор технических наук, профессор, лауреат Государственной премии СССР, первый ректор Карагандинского государственного университета, член Союза писателей СССР - эти звания и регалии характеризуют масштаб личности ученого [1]. В 2025 году отмечается 100-летие со дня рождения выдающегося деятеля науки, чья жизнь и творчество представляют огромный интерес для изучения процессов становления национальной научной школы Казахстана.

Евней Арстанович родился 23 марта 1925 года в семье крестьянина-землепашца в ауле Баганаты Марьевской волости Кокчетавского уезда Акмолинской губернии Киргизской АССР РСФСР СССР [1]. По воспоминаниям его брата Камзабая, Евней родился в зимовье Алыпкаш, которое относилось к аулу Баганаты [2]. Его отец, Арыстан Тумырзаулы, простудившись на охоте, умер от двухсторонней пневмонии. Мать, Умсын Байжанкызы, родила четырнадцать детей, Евней был девятым [2]. Путь к вершинам науки был тернистым: начал учиться в 1932 году в Макушинском зерносовхозе Челябинской (ныне Курганской) области, куда семья уехала из-за голода в Казахстане [3].

Детство Евнея Арстановича было самым заурядным для того тяжелого времени военных и послевоенных лет. Удалось закончить только девять классов, так как после смерти отца он стал основным кормильцем семьи [4]. Когда закончилось военное лихолетье, мать настояла на продолжении образования тянувшегося к знаниям сына [4]. Лишь в 1945 году, в возрасте 20 лет, он смог окончить среднюю школу в селе Марьевка [5]. В 1950 году Букетов с отличием окончил Казахский горно-металлургический институт по специальности инженера-металлурга по цветным и редким металлам [4].

После окончания института Е.А. Букетов был направлен на работу в Джезказганский медеплавильный завод, где прошел путь от рядового инженера до начальника цеха. Именно здесь, в условиях реального производства, формировались его взгляды на науку как на инструмент решения